

¹Т.И. Кошенова, ²Ж.Р. Есенқараева

¹ф.ғ.к., доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Қазақстан, Түркістан (toty.koshenova@ayu.edu.kz) ORCID: 0000-0002-3303-1597

²Магистрант, Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті,
Көкшетау, Қазақстан (yessenkarayeva@gmail.com) ORCID: 0000-0003-1867-169X

Адамгершілік ілімінің Абай шығармаларындағы көрінісі

Андатпа

Мақалада қазақ халқының ұлы ақыны Абайдың шығармашылығындағы адам категориясы мен адам болмысы жайында жазылған қарасөздерінің сыры сөз болады. Абайдың қарасөздері мен өлеңдеріндегі негізгі таным – Алланың ақ жолы, ақиқат ғұмыр, адамдық. Ұлы ақын шығармашылығындағы кеңінен айтылған толық адам жайлы даналық ойларды қайта ой сүзгісінен өткізуге талпынған. Осы тұста Абай сусындаған үш бұлақтың алар орны ерек. Абай өзінен алдын өмір сүрген ғалымдардың еңбектерімен сусындағанын ақындық кітапханасынан білуге болады. Бұл мақалада Абай бастау алған бұлақтар - Әл-Фараби, Физули, Шамси, Дауани және де одан ілгері ғұмыр кешкен Платонның шәкірті Плотин, Аристотельдің еңбектеріндегі Адам болмысы жайындағы толғамдарының Абай танымымен ұштасуына ерекше назар аударылған. Абайдың «Толық адам» танымы Әл-Фарабидің «Кемел адам» теориясымен өзектестігін және «жүрек культі» ілімінің Абай толғамындағы орны ерекше назарға алынды. Абайдың мораль философиясы мен адамгершілік ілімін зерттеушілердің көзқарасына сүйене отырып, Абай танымындағы ақиқат ілім жайында сөз өтеді. Абайдағы «Толық адам» концепциясының мәні мен маңызы мақалаға арқау етілген.

Кілт сөздер: Абай, қарасөз, Алла, иман, толық адам, адамгершілік.

¹T.I. Koshenova, ²Z.R. Esenkarayeva

¹candidate of philology, associate prof., Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan (toty.koshenova@ayu.edu.kz)

ORCID: 0000-0002-3303-1597

²Master, Sh. Valikhanov Kokshetau State University, Kokshetau, Kazakhstan
(yessenkarayeva@gmail.com) ORCID: 0000-0003-1867-169X

A reflection of the moral teachings in the works of Abay

Abstract

The article studies the problem of the category of man and human existence in the work of the great Kazakh poet and thinker Abay. The author seeks to analyze the broadest reflections on the integral personality of a person in the words of Abai's edification. Particular attention is paid to determining the relationship of the philosophical thoughts of

Plotinus, Aristotle, Al-Farabi about human existence with the worldview of Abai. The relevance of the topic of the article is also due to the study of the category of "whole personality" in the works of Abai with the theory of Al-Farabi about "the perfect man", where attention is focused on the teachings of Abai about the "cult of the heart". Based on the research of scientists on the philosophy of morality and humanism of Abai, the author reveals the theme of the truth of Abai's teachings. The article deals with a comprehensive study of the concept of "whole personality" in the works of the great poet Abai.

Keywords: Abay, words of edification, Allah, faith, the perfect man, humanity.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Заманалар ауысып, дүние дидары өзгерсе де, халқымыздың Абайға көңілі айнымайды, қайта уақыт өткен сайын оның ұлылығының тың қырларын ашып, жаңа сырларына қаныға түседі. Абай өзінің туған халқымен мәңгі-бақи бірге жасайды, ғасырлар бойы қазақ елін, қазағын биіктерге, асқар асуларға шақыра береді» [1], – деген өнегелі сөзі Абай мұрасының Мәңгілік елдің мәңгілік өсиеті ретінде бағаланатынын айқын аңғартады. Қазақ әдебиеті тарихындағы абайтану ғылымы қазіргі таңға дейін жан-жақты әр қырынан зерттелуде. Абайдың ақындық даналығы мен даралығын танытуда М.Әуезов [2], З.Ахметов [3], М.Мырзахмет [4], Т.Жұртбай [5], М.Әліпхан [6], т.б. абайтанушы ғалымдардың еңбектері ерен. Ұлы Абайдың ақындық әлеміне көз жіберіп, сол арқылы қазақ халқының ой-санасының өсу-өркендеу эволюциясын пайымдау, бүгінгі қазақ поэзиясының көркемдік биігін саралап беру арқылы, Абайтану саласының қазыналы қорын байыта түсті. Абай мұраларының ғасыр өтсе де өз құндылығын жоғалтпау сырын ғылыми айналымға түсіруде.

Дамыған ХХІ ғасыр тұсында өткен ғасырдың асыл мұрасы – ақын еңбектері жаңаша даму бағытына жол сілтеуші бағдаршам іспеттес болып отыр. Плотин [7], Аристотель [8], Әл-Фарабиден [9] бастау алған адам жаратылысы, дүниетанымы жайлы ғылымдардың жалғасы болған Абай танымы тарих таңбасына айналды бүгінде. Адамзат үшін сарқылмас адамгершілік ілімінің көзін ашқан Абай еңбектері абсолюттік мораль теориясы болып табылады. Әр заман салты өзгерсе де адамдық аты өз биігінде қалуға тиіс. Қаншама жылдар өтсе де бүгінгінің өзекті мәселелерінде адам танымы мен моральдің өзіндік биік тұғырын танытуда. Адамгершілікпен қоса ақиқат өмір салтын ұсынуымен ерекшеленетін Абай қарасөздерінің құндылығы қазіргі экономика саласында да алар орны бір төбе. Адам мен заманның мың құбылған тұсында Абайдың өзіндік көзқарасы заман сахнасынан шеттеген емес, әркез жаңарып отыр. Абайды жүз оқыған адамның, жүз

рет жана қырынан тани түспегі хақ. Абай еңбектері – адами құндылықтардың құны құлдырап бара жатқан заманға таптырмас дауа. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында анық айтылды. Онда: «Ұлттық сананы сақтау және оны заман талабына бейімдеу мемлекеттік маңызы бар мәселеге айналды. Өйткені сананы жаңғырту арқылы ХХІ ғасырда еліміздің тың серпінмен дамуына жол ашамыз. Осы орайда Абай мұрасының тигізер пайдасы зор деп есептеймін. Ұлы ақынның шығармалары бүгін де өзектілігін жойған жоқ. Абайдың ойтұжырымдары баршамызға қашанда рухани азық бола алады» [10], – делінген.

Абайдың қарасөздері мен өлеңдеріндегі негізгі таным – Алланың ақ жолы, ақиқат ғұмыр, адамдық. Осы тұста Абай сусындаған үш бұлақтың алар орны ерек. Абай өз заманынан ілгері ғалымдардың еңбектерімен сусындағанын өз еңбектерінде де келтіріп отырады. Бұл мақалада Абай бастау алған бұлақтар – Әл-Фараби, Физули, Шамси, Дауани және де одан ілгері ғұмыр кешкен Платонның шәкірті Плотин, Аристотельдің еңбектеріндегі Адам болмысы жайындағы толғамдарының Абай танымымен ұштасуына ерекше назар аударғмыз келеді. Абайдың «Толық адам» танымы Әл-Фарабидің «Кемел адам» теориясымен өзектестігін және «жүрек культі» ілімінің Абай толғамындағы орны ерекше назарға алынды. Абайдың мораль философиясы мен адамгершілік ілімін толғаушылардың көзқарасына сүйене отырып, Абай танымындағы ақиқат ілімді танытуды алдымызға мақсат етіп қойдық.

Абай өзінің үшінші қарасөзінде адамгершілік танымның тамырына балта шабатын адам бойындағы жағымсыз қасиеттерге тоқталады. Қазақтың қазаққа қас болатынының себебін данышпандар әлдеқашан байқаған. Әрбір жалқау адам қорқақ, қайратсыз тартады, әрбір қайратсыз, қорқақ адам мақтанғыш келеді. Әрбір мақтаншақ қорқақ, ақылсыз, надан келеді, әрбір ақылсыз надан, арсыз келеді, әрбір арсыз жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, тыйымсыз, өнерсіз ешкімге достығы жоқ жандар шығады және бұл қасиеттер толық адам танымына теріс екенін мына сөзімен келтіреді: «қыстауы тарлық қылса, арызы жеткендік, сыйы өткендік, байлық қызметінен біреудің қыстауын сатып алмақ, ептеп алмақ, тартып алмақ. Ол қыстауынан айырылған және біреуге тиіспек, я болмаса орынсыздығынан елден кетпек – әр қазақтың ойы осы» [11, 161 б.], – деп, қазақтың қамсыз тірлігін адамдықтың алдына ар деп біледі. Қазақ қашан қамданып, бір-

біріне көңіл жіберіп, алдауратып, шын пейілмен мейірленіп, адал мандай терімен еңбектеніп, өзгенің жайына көз тікпей, өзгені де өзіндей көрер болса, адамдықтың қадір-қасиетін сезінер еді. «Мен ананы кедей болса екен деп, ол мені кедей болса екен деп көз алартып» отырған шақ – адами құндылықтың құлдырағаны. Не өзі жетпей, не өзгені жеткізбей кеткен ит тірлікте адамның адам болып жаратылу мақсатын да ұмыттырады. Адам баласы абсурд күйге осы нұрлы ақылмен тіршілік мәнін, Құдайды таба алмағаннан түседі. Дүниенің құлы болған адам өзгенің қуанышынан рақат таба алмай, не өзі рақат көре алмай өтеді өмірден.

Қызмет пен болыстыққа таласудың соңында бөтен жаққа шығып еңбек қылмай, мал таппай, сауданың да керегі жоқ, бірін-бірі аңдумен, арыз беріп, бір-бірінің артын ашуды абырой көріп, адам сүйсінер қасиеттен ада қалады. Арамдықпенен болыстыққа жеткен адам, малын қадірлемейді, өзіндей арамды қадірлейді. Өзін алдаумен қоса өзгені де алдаусыратып, айламен алуды ойлайды. «Ісі білмес, кісі білер» деген мақамның төркіні осы. Испен бағамдап қарамай, айласы озған кісіге дүние жеңіл келіп, жалғанды жалпағынан басып жүрмін деген сезіммен масаттанып жүріп, бақыт баспалдағынан тек төмен құлдилап беретінін ескермейді. Адам болып жаратылып, адам бақытын сезіне алмау, хайуанша күн кешіп жүріп «адамдық» деген биік тұғырдың етегін де бойлай алмай кетеді. Бұл – нағыз қасірет.

Абай төртінші қарасөзінде: «Уайым-қайғысыздығыңа уайым-қайғы қыл-дағы, сол уайым-қайғысыздықтан құтыларлық орынды харекет табу керек хәм қылу керек. ... Әрбір жаман кісінің қылығына күлсең, оған рахаттана күлме, ыза болғаныңнан күл, ызалы күлкі – өзі де қайғы» [11, 162–163 бб.] – дейді. Яғни, өзгенің қайғысына қайғыланудың өзі адамдық, ал адам уайымсыз тіршілік кешіп, өзгенің мұңын бөлісе алмаса, шын жүрекпен тілекші бола алмаса, уайымсыз күйі – қамсыз, маңызсыз тіршілікке ұласпақ. Және бір кісінің жақсылығын көрсеңіз сүйсініп, қуанышын көргенде, шын пейілмен қуана білсеңіз, бұл да бір тіршілікте нағыз бақыттың не екенін сезіндіреді, адам баласының бәрі де бір-біріне бауыр, біріне-бірі ізгілік ойлаумен ғана бақыт табады расында.

Абай үлкен адамгершілік шынарының тамырына осылайша бойлайды. Өзіне тілегенді өзгеге де тілей алу – адамның ісі деп бағамдайды. Осы тұста қайғылану тек қара бастың қамы емес, барша қауым үшін болса, өз дертіңмен ғана арпалыспай, өзгенің де дертімен ауыру, өзгенің әлегімен мазалану – нағыз Алланың өзі махаббатпен

жаратқан әрбір адамға тән қасиет. Алла берген ғұмырын, қызыл-жасыл дүниемен өлшеген жан адамдықтың бұлағынан сусындай алмай, өмір бойы арзан ғұмыр кешіп өтеді. Абай өзінің бесінші қарасөзінде келтіргендей, күйбең тіршілікке тоймай, қара жерге кіргенше көзі тоймай, қулықпен арын сатып, асқазанын ғана асырап өтеді. «Өзінде жоқ болса, әкең де жат», «Мал – адамның бауыр еті» [11, 163 б.] деген мақалдарды Абайдың ащы сынауы да осыдан келіп шығады. Ғылым, білім, әділет үшін қам жемейтін, мал үшін әкесін жат деп танитын жаратылыстың несі адам?! Абай өзінің сегізінші қарасөзінде: «Оның діні, құдайы, халқы, жұрты, білім, ұяты, ары, жақыны – бәрі мал» [11, 166 бб.], – деп, өмірді тым арзан оймен өлшеген малжанды дүниенің құлдарын сынайды. Адамдықтан безіп жүріп, мал тапсақ жазалы демейді екенбіз деп ашынатыны да осы. Расымен де дүниедегі бар асылдан артық көріп жиған малдың несі мұрат, несі бақыт?! Қарны тойса адамдыққа қолын бір сілтеген жандардың сиқы осы. Адам баласы өмірге келгенде пәк, таза қалыпта туады. Абай жетінші қарасөзінде адам баласының өмірге келгенде бойында болатын жан қалауы мен тән қалауы деп аталатын екі қасиетті ерекше ескереді. Осы жан қалауы білмекке, көрмекке ынтық келсе, тән қалауы ішіп-жемек пен арзан күлкіні қанағат тұтып, адам баласының қайратына қайшы келеді екен. Жан қалауынан тән қалауын артық көрген жан өзін, жан дүниесін, ішкі әділет таразысына бірде-бір салмай кеткен жан екен. Дүниені терең таныған адам, жалғанның мәңгілік мұрат емес екенін ұғар еді, бескүндік баянсыз тірлікте ішіп-жемекпен ғана өтуді бойына ар санар еді. Ақыл иелерін бұл жалғанның ешбір қызығы Құдай сүйген ізгі амалдардан тия алмайды, оған татырлық, ол адамдық жолды аттап кетерлік қызық жоқ жалғанда. Сол себепті Абай жас күнімізде бізді басқарған жан қалауына бас ұрсақ, қайраттанып, сол қалыпты берік ұстап қалсақ керек еді дейді. Жан қалауы – ізгілік, қайырымдылық, әділет, ғылымды сүймек – Алла сүйген амалдар еді. Жан қалуына бойын билеткен жан бұл дүниеде бақыт көзін табады, ал тән қалуына ерік берген жан, өзінің толымсыз күйін сезінсе-дағы, қайраттанып күресе алмағандар бұл дүниеде не рақат тапсын?! Абай өз шығармаларында Алланың атын аз қайталамаған, Алланы шындықтың шыңы деп қараса, адалдық пен жан тазалығын «Хақиқат» деп шындыққа балайды.

Абай оныншы қарасөзінде: «Біреулер құдайдан бала тілейді. ...Хош, құдай тағала бала берді, оны өзің жақсы асырай білесің бе?» демектегі, өзінің тән қалауыңды тия алмай жүріп, оған сол баяғы

қулық, сұмдығынды үйретіп, «дүниенің көзі – мал» деп, жан қалауы әуелден-ақ ит тірлікке жеңдірмексің деп ашынады. Адам баласы дүниеге келгенде жан атауы бойына еніп, таза қалыпта келеді. Дүниені, жүріп-тұру салтын ғана таныған адам, Абай танымында «жарым адам» кейпін киеді. Жақсы асырау дегенді әркім әр қалай түсінетінін осы ғақлиятында ашып айтады.

Адам өз бойын Құдай сүйген қасиеттермен толықтырса ғана «толық адам» бола алмақ. Қай тұрғыдан қарасақ та, Абайдың рухани әлемінің басында исламият пен шығыстық рухани қазыналардың тұрғандығы бүгінде талас тудырмаса керек. Абай танымындағы толық адам – Алланы таныған, Алла сүйген бойына жиған, нұрлы ақыл мен ыстық қайратын жылы жүрегіне байлаған жан. Ең әуелі адамдықтың бастауы – Иман десек, жүректегі иманы берік адам әділетті қайырымды жүрекпен сүйеді. Ізгі істерді жаны рақат таба отырып жасайды. Құдай тағала адам баласын жаратқанда жақсылыққа құштар етіп, ал жүрегін әділет пен қайырымнан тыныш табатын етті, тек жүрек көзін байлап, тән қалауына бас ұрғандар, ол рақатты сезіне алмайды. Әрбір адам білсе керек, Құдай адамды махаббатпен жаратқанын, оның бойына өз құдіретімен рух дарытып, дүниені оның аяғының астында айналдырды, тілсіз табиғат, аң атаулыны ол ақыл иесіне бағындырып еді, осыншама ізгілік, мейірім-мәрхабатын төгіп әділетпен жаратқан Алла-шексіз Құдірет Иесі. Мақұлықты да баласына сүйсіндіріп қоюында да, оған да ұзақ өмір сүруге талпындырып жаратуында да махаббат бар емес пе? Мақұлық небәрі ұзақ ғұмыр кешсе адамзатқа да тигізер пайдасы молаймай ма? Міне осыдан аңғарсақ керек еді. Құлдарын мейірім-махаббатпен жаратып сүйген Алла, өз құлдарының бойынан да сол ізгіліктердің табылғанын сүйетіні Хақ емес пе?! Махаббатқа – махаббатпен жауап қату-адамдықтың парызы, һәм қарызы екені осыдан айқын емес пе?! «Махаббатпен жаратқан адамзатты, сен де сүй Ол Алланы жаннан тәтті» [11, 112 б.], – дейді. Абай мұнда дүниенің мүмкіндіктен шындыққа айналуының бас себебін махаббат ұғымы арқылы түсіндіреді. Махаббат – жаратушы Алланың құдіреті, нұры, жаратылыстың, тіршіліктің пайда болуының басты себебі. Дүниенің, тіршіліктің барлық болмыс-бітімі Алла адамзатты махаббатпен жаратқан соң айқындалады.

Абай өзінің жиырма жетінші қарасөзінде Сократ Хаким өзінің ғалым шәкірті Аристодимге Хақ тағаланың адамды махаббатпен жаратқандығына еш шүбәсіз дәлел келтіретіні бар. «Жә, олай болса,

адамды жаратушы хауаси хамса заһри бергенде, тахқиқ ойлап, олардың пайдасының барлығы түгел оған мұқтаж боларлығын біліп бергендігі әшкере тұр ғой» [11, 178 б.] – демектегі көзді беріп, дүниені танытып, ауыз беріп, ас беріп, ол астың тазалығын тексермекке иіс сезуге мұрын беріпті, осының бәрін көркем етіп мойыннан жоғары басқа орналастырғанында бір ақыл бар емес пе, сезініп, байқап қарағанға?! Адам баласын айуанша жорғалап жүретін емес, басын көтеріп, тіктеп көркем еткенінің өзінен махаббат сезінбейміз бе?! Яғни шексіз ақыл иесі адам етіп жаратқасын, адам болу әрбірімізге парыз болып табылмайды ма? Абай айтатын адамдық, жәй көрген көзге адам болу емес, жүрекпенен сезіну. Алланы терең таныған адам оның жаратқан әрбір дүниесіне қиянат жасай алмақ емес. Осындай махаббатты жүрекпен сезіне алу үшін алдымен Иман керек екенін ескеріп, Абай өзінің он үшінші қарасөзінде: «...иман сақтауға қорықпас жүрек, айнымас көңіл, босанбас буын керек» [11, 169 б.] – дейді. Иманы кәміл адам ғана Алланы жүрекпен тани алмақ.

Құдай сүйген барша ізгі қасиет жүрекке орын тебеді, жүректен шығады. Абай өзінің он төртінші қарасөзінде «Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды» [11, 170 б.], – дейді. Абайдың түйіндеуіндегі «жүректі кісі» – рақым мен мейірім, қайырым мен әділетті сүйген, өз бойын әділет таразысына сала алған кісі.

Абай танымындағы жүрек – адам категориясының түп қазығы. Он жетінші қарасөзінде ақыл, қайрат, жүрек ғылымға жүгінген сәтте, үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым демеуші ме еді?! Міне, сондағы жүрек – адам бойының басты мүшесі, адамдықтың алтын діңгегі деп бағалайды, себебі ақылдың өзі әркез туралықты, қайырымды жақтай бере ме? Жоқ! Ақылы көп бола тұрып, өзі ғалым бола тұрған кісі, ешкім ойлап таба алмайтын, әлемге зиянды бір қару ойлап тапса, ол ақыл адам табынарлық ақыл ма? Абай сондықтан да «Нұрлы ақыл, әділетті ақыл, суық ақыл» деп аражігін ажыратты. Ал, қайрат болса, оның өзін нұрлы ақыл мен жылы жүрек бастамаса ол бір өткір қылыш іспетті. Біреудің әділетсіздігін көріп, жаны шыдамай, өзіндегі барды соған құрбан етіп, сол жолда тартынбай, жігерлік танытса немесе өзіне әділетті, ізгіні ұсыну жолында, өз жанына да жаза тарттыра алатын болса, мұны ақылға сүйенген қайрат десек болады. Ал, өзінің атын шығарамын деп, ақ пен қараны ажырата алмайтын, өзгенің «өйт» дегенін өз ақылына салмай, шауып кете беретін асаулығы да бар ғой. Адам бойына ақылсыз, жылы жүрексіз біткен қайрат та асау ат секілді, қай тау-тасқа соғарын кім білсін? Жылы

жүрек болмаса, жүректе Алла сүйген асыл қасиеттерге деген сүйіспеншілік болмаса, әлгіндегіден не пайда шығады? Адамның ісі, сөзі, сезімі бәрі де шынайы шығу үшін жүрек керек екен. Ол бар адам болмысының патшасы, һәм қазынасы. Адамды адамға мейірлендіретін де жүрек. «Алла жүрекке салсын» деп тілейтініміз де сол. Қайырым, рақым, әділетті сүйген жүрек нәпсінің дегеніне көнбейді, әрбір бұрыс іс үшін адамды іштей қысатын әділет иесі де өзі. Жүрегінде үлкен Құдайы бар адам суық ақылға бой алдырмайды. Құдай сүйген барша ізгілік атаулының мекені-Жүрек. Әл-Фарабидің ілімінде де ең басты мүше-жүрек екенін ескерсек, Абайдың Әл-Фараби ілімімен сусындағанын байқаймыз. Абай жиған ілімін өз ақыл таразысына салып, өзінше жырлап отырған. Абайдың барлық қарасөздері «Алланы тану» мен адамгершіліктің жайын насихаттайды. Отыз бесінші қарасөзінде «Құдай тағала қалпыңа әрдайым қарайды» демектегі Абайдың нұсқағаны да осы жүрек болатын.

Адам баласы өмірге келгенде есті болмайды деген он тоғызыншы қарасөзі адамның жан қалауы мен тән қалауы тұрғысында қайсысына бас ұратынын өзі қалайтынын көрсетіп отыр. Тән қалауына бас ұрған пенде «Құдай осылай жаратыпты да, осылай жазыпты да» деп сылтау айта алмаса керек, өз бойын жаманшылықтарынан тия алмаған қайратсыз кісінің сөзі бұл. Абайдың он бесінші қарасөзіндегі есті кісі мен есер кісінің өмір сүру қалпы, осы тән қалауы мен жан қалуының мазмұнына дәл мысал бола алады. «Сонда, – дейді Абай, – есті адам, орынды іске қызығып, құмарланып іздейді екен-дағы... Есер кісі орнын таппай, не болса сол бір баянсыз, бағасыз нәрсеге қызығып, құмар болып, өмірінің қызықты, қымбатты шағын итқорлықпен өткізіп алады екен-дағы...» [11, 170 б.], – дей отырып, есер кісілердің ес кетіретін ісіне ашынған Абай өзінің жиырма екінші қарасөзінде: «Есті кісіні тауып құрметтейін десең, әділет, ұят, нысапқа есті кісі елде жоқ. Қулық, сұмдық, арамдық, амалға елдің бәрі де есті» [11, 175 б.], – деп, осы күнде кімді сыйлап, кімді қадір тұтатыныңды білмейсің деп налиды. Осындай жаман бойға теріс қасиеттерді бойына ар санап, онымен күрескен адам ғана адам атына лайық бола алмақ. Білсек, әрбір адам жаратылған соң, ешнәрсені қызық көрмей жүре алмайды, көңілі тоймайды, дүниедегі әрненің дәмін көруге құмартады. Осы тұста есті кісі жамандықтан өз бойын тез жиып алып, қайраттанып, өзін жан қалауына бас ұрғызып, ақылды қолдан жібермейді. Ал есер кісі әрбір баянсызға қызығып, өз бойын өзі жия алмай, тән қалауын тия алмай, күйбеңнің артынан итше еріп, соны қызық көрген кісі.

Тән қалауына басұрмақтықтың тағы бірі – мақтан. Абай оны өзінің жиырма бірінші қарасөздерінде былайша келтіреді: «Аз ба, көп пе, адам баласы бір түрлі мақтаннан аман болмағы – қиын іс» [11, 174 б.], – дейді. Алайда, Абайдың пайымындағы мақтанның екі түрін байқаймыз, бірі – үлкендік, екіншісі – мақтаншақтық. Яғни адам баласы өз бойына ар көретін, жағымсыз қасиеттерден өзін аулақ ұстауға тырысып, өзін арсыз, алдамшы, екіжүзді, өсекші, өтірікші атанбақтан бойын алып қашып, көңіл тоярлық адамшылықты іздейді. Абай оны ақылдылардың, арлылардың, артықтардың мінезі дейді. Ал, екіншісі – мақтаншақтық – осы қасиеттерден аулақ болайын деп, өзіне қорлық көрген мінездермен алыспайды, сыртын жылтыратып, «өзгелер көрсе болды» деп жүріп, жағынбақтық қамын ойлайды. Ондай мақтанды Абай үш түрге бөледі. Олар: «жатқа мақтанарлық мақтанды іздейді. Ол надан, ләки надан болса да адам. Екіншісі – өз елінің ішінде мақтанарлық мақтанды іздейді. Оның надандығы толық, адамдығы әбден толық емес. Үшіншісі – өз үйіне келіп айтпаса, я аулына ғана келіп айтпаса, өзге кісі қостамайтын мақтанды іздейді. Ол – наданның наданы, ләкин өзі адам емес» [11, 174 б.]. Яғни үлкендік деп атап отырған мақтанның түрі – адам өз бойын жамандықтан тиып, жақсылыққа құмартып, сол жақсы қасиетімен танылмақты жөн көрген кісі. Абай атамыз айтпақшы надандық – жалған мақтанды өміріне сән көрген көзсіздер. Ол мақтан жайлы Абай өзінің отызыншы қарасөзінде «қырт мақтан» деп атайды. Ол ар, есті білмейді, не батырлығы, не ел сүйсінер ісі, не адамдығы жоқ нағыз ардан бездіретін іс осы.

Осы адам жиіркенерлік теріс мінездерді сынап келе адам жиырма үшінші қарасөзінде «...я бір адамның бұл өзі қылмаған жаманшылығы шықса, қуанады» [11, 175 б.], – дейді. Өзгенің бойынан көрінген теріс қылық үшін адам баласы арлануы керек, іштей сол іске күйінуі керек. Өзгенің жайын өзіндей көріп, өзіне қалаған жақсылықты, өзгеге де қалай алу – адамдықтың белгісі. Өзгенің бойынан көрінген жаманшылық өз бойымнан табылмаса болғаны деп, соны қуаныш көрсе, ол адамның не асқаны бар әлгі кемшілікті кісіден. Нағыз адам өзгенің қайғысын қуаныш көрмесе керек, ол әсте адамға тән қасиет емес. Өз нәпсісін тия алмағаннан, өзгенің қайғысына қуанғандығын өзіне мін санаса керекті. Өзгенің қайғысы, мұңы, кемшілігі тұрғанда, өзінің бақытыңа да көңілің толмаса керек, міне осыны адамдық деп атауға болар. Абай айтқан үш сүюдің төркіні осы емес пе? «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» демектегі, өзгенің қиыншылығына қайғылана алу, бауырыңның бір ісі сәтсіз күйде

тұрғанда, сен қалай шат-шадыман күй кеше аласың? Қуаныш атаулының да теріс тұсы осы, титтей іспен, бір үлкен іс бітіргендей кісімсіп қуанғаны, әлгі өзгелерді ызаландырсам екен демек. Осының несі қуаныш? Осының несін қуаныш көреді екен? Шын қуаныш, достың жетістігі, бауырдың оң ісіне қуанбақтық, қадір-қасиет тұтқан дүниеге деген сүіспеншіліктен тумас па еді? Ал, жұбанышы болса, «өй, тәйірі мен анадан тәуірмін, анадан артықпын» деп, өзгенің сүрінген-жығылғанын жіпке тізіп отыру. Осы күнде нені қуаныш тұтып, нені жұбаныш етіп жүргенімізді білеміз бе? Міне, осы адамдыктан бездіріп, қайратсыздыққа салатын теріс мінездер. Өзгені өзіңдей көрмек, өзіне тілегенді өзгеге де тілей алу асыл дінімізде де толық Иманның шарты болып табылады.

Жиырма төртінші қарасөзінде «Бірімізді-біріміз аңдып, ұрлап, кірпік қақтырмай отырғанымыз» деуі де осы, бірінің міні шықса қуанып отырған соқыр сана жайлы. Мұндай теріс мінез үш сүюді сезінбеген жарым адамнан келіп шығады. Үш сүюді жүрекпен сезінген жан, бұл дүниеге алданып, нәпсісін тия алмай жүрген, өз арының алдында есебі жоқ, ескерусіз кеткен надандыққа жаны аши қарайды, себебі ол Хаққа көзі жеткен адамның бұл дүниеде көңіл қалдырып, күндесердей дүниенің жоқ екенін біледі. Дана Абай айтқандай «Қай қызығы татиды қу өмірдің, татуды араз, жақынды жат қыларға». Нағыз адам үшін бұл дүние дертпен тең. Таласып-тартысып, жаға жыртысып, күйбенді сонша сүюшілермен қатар ғұмыр кешу–дерт. Бұл тірліктен есті адамның қайғы таппауы қиын іс. Өзгенің баянсыз тірліктің құлына айналып, Құдайын ұмытқандығы – кісі үшін қасірет, ішін жегідей жейтін мұң. Абайдың мұңын әркім-ақ сезіне алған жоқ. Абайдың «Жүрегім, ойбай, соқпа енді», «Жүрегім менің қырық жамау» деген тундыларында қандай қасірет жатыр десеңізші!

«Ләкин осы күнде орыс ғылымын баласына үйреткен жандар соның қаруымен тағы қазақты аңдысам екен дейді» [11, 176 б.]. Алдыменен адал еңбекпен нан таппаққа үйрету керек баланы, тілінді кесіп алса да шындықты айтатын, басын кесіп алса да туралықтан таймайтын, елім-жұртым деген баланы тәрбиелеу - басты парызымыз еді. Алайда, Хакім Абайдың балаларды «не болсын деп бағам, қай елге қосайын, қай хареккетке қосайын» деп налитыны да осы еді. Абай бірін-бірі бауыр тұтқан, адал еңбекпен нан тауып, адам алаламаған адал тірлікті күтті, тәрбиенің тал бесіктен екенін ескерген Абай «Әуел балаңды өзің алдайсың, ...соңыра балаң алдамшы болса, кімнен көресің?» [11, 167 б.].

Балаң адам болсын десең, малыңды аямай оқыт деуі де ғылымсыз мына дүниенің көзі ашылмайтынының дәлелі емес пе? Осы ойдың төркіні адам тіршілікті басты мұрат етіп, арсыздықпен алған малын да абырой көретіні надандықтың білімсіздіктен туатынын аңғартады. Дүниенің ішкі сырын, адамдық қасиеттің асылын, адал еңбектің тәтті нанын жемегесін, алдамшы күлкі мен жеген асына мәз болып, адамдық атты биік тұғырға шыға алмасаң – ол өмір не үшін, ол бір қасірет емес пе, білгенге?

Кім жақсылық, кім жамандық қылса-дағы Құдайдан келген істі қылып жүр екен дейміз бе? Адам баласы бойға теріс қасиеттерді нәпсісін тия алмай, өзін әділетті ақылға жеңдіре алмай, жүрек тілін алмай, іштегі қысқан ар-ұяты бір тоқтамсыз кеткендігінен табады. Өз бойын өзі бір тексермеген, Құдайдың жазғаны осы деп, өзінің нәпсісін ақтап алуы. «Жақсылық, жамандықты жаратқан Құдай, ләки қыдырған Құдай емес» дегенді ескерсек керек еді.

Құдайдың әділ екені Хақ! Құдай қалайша өзінің махаббатпен жаратқан пендесінің бірін бұзық, бірін түзік етсін? Адам баласының иманы әлсіреген тұста өзін не түрлі оймен ақтап алу үшін, мені солай жаратыпты деп қайраттанып, өз бойымен күреспеген жанның ісі әділет түгіл адамдық па алдымен? «Иман тесік шелек» демекші, адам баласы әркез өз бойын бір тексеріп, әр ісін әділет таразысына өлшесе ғана адамдығы толыспақ!

Адамдық – ардың ісі! Абай адам танымына теріс қасиеттерді қостайтұғын мақалдарды қатты сынға алады. Адамдықтан бездіріп, адам баласын айлаға көшіретін сөздерді мақал деп мақамдап айтуға тұрады ма? Соның ішінде «Жарлы болсаң, арлы болма» дейді, ардан кеткесін адаммын деп жүруің де бойға мін емес пе? «Қалауын тапса қар жанады» деген мақалдың сиқына үңілсек, ол сірә еңбекпенен, қайратпенен ебін таппақты айтқан болар, қалауын тапсаң болды, айласын асырып, арамдықпен ала бер деп пе? Абай осы қалауын таптым деп, ардан безіп, айласын асырып жүргендерге ашынады. «Сұрауын тапса, адам баласының бермейтіні жоқ» деген мақал да, адам баласын еңбексіз тіленшілікке түсіп, жанын қинамай-ақ, бір байдың тілін тауып, қарынның қамын жеп, жұртты алдап-арбап бейшара қалыппен тапқан дүние, адам атына лайық па? Абай ондай тілемсектеніп, сұрамсақ, надан атанып жүріп, тамақ асырағаннан Алланың ақ өлімін артық көрген.

Адам баласы жеңіл жолмен мал тауып, оны өзіне ар санамай, ішіп-жеу мен бір киерін ойласа, міне, бұл нағыз қасірет. Еңбек, адал

мандай тер – адамның қасиеті. Аллаға сүйкімсіз теріс қылықтарды бойына ар санамай – адам, адам болмақ емес. «Дүние боқ көтерген боқтың қабы» демекші, адам арзан істі атақ көріп, дүниеге жүрек көзі тоймай, күйбеңнің құлы болып, өмірге келгендегі мақсатынан адасады.

«Атың шықпаса жер өрте» деген тағы бір мақалының сиқы, бұл дүниені арзанға түсіремін деген жан, өзі де арзан болып қала бермек. Себебі бәрінің де есебі бар, білгенге бұл өмірде артық, не кем дүние жоқ. Құдіретті һәм әділетті Алла тұрғанда, қалайша айламен аламын деп ойлайды екен адам баласы? Ризық-несібенді беруші де, алушы да Алла. Адам баласы абыройын төгіп, атағы шықса оның несі мұрат? Ардан безген ғұмырдың қай тұсын үлгі етіп алмақпыз? Абай өз тұсындағы замандастарының осы қылығына күйіне отырып, осы іске татымас мақалдарды сынайды. Және де бірі «Ата-анадан мал тәтті» [11, 182 б.] дейтұғын орынсыз сөз. Абай «Ата-анасынан мал тәтті көрінетұғын антұрғанның тәтті дерлік не жаны бар?» [11, 182 б.], ондай кеудеден шықпаған жан хайуанда да бар, бұндай орынсыз, антұрғандықтан бек сақтану керектігін үндейді. Абайдың «көпте ақыл жоқ» деп айтатыны да осыдан. Адам баласы өз ақыл таразысына салып, қорытпаса, көптің артынан ере бергендік, адам жеке «менін» қалыптастыруға үлкен залал. Адам баласының осындай көрсоқырлықпен пайымдаулары, өскелең ұрпаққа адамдықты үлгі ете алмасы анық.

Абай отыз бірінші қарасөзінде естіген дүниені көңілге тоқымаққа төрт түрлі нәрсе керек дейді. «Әуелі көкірегі байлаулы, берік болмақ» яғни естіген нәрсені терең ойлап, естіген дүниеге жеңіл қарамастан, ойға түйю қажет. Көкірегі байлаулы демек, адамның әуелде жүрегінде иманы, ізгі істерге деген ниеті, көңілі түзу, әрбір дүниелік іске көңілі айнымастай берік болмағы керек. Екінші, сол нәрсені естігенде ынтамен тұшынып ұғыну керек дейді. Үшіншіден сол естіген дүниені ішінен бірнеше рет қайталап, көңілге қондыру керек екен. Яғни естіген нәрсенің әділет екенін ақылға мойындату керек, көңілге тоқу керек. Содан соң ой кеселді нәрселерден қашық болу керек. Олар; салғырттық, ойсыздық, ойын күлкішілдік сынды адам бойына теріс істер. Осының бәрі адамның ғылым-білім іздемек жолындағы қас жауы, я бір уайымға салынып, бірнәрсеге құмарлық пайда болған сәтте адамның көңілі тиянақ таппайды, алаң-елеңге түсіп, естігенін көңілге анық түсіре алмайды. Ондай жағдайда үйреніп жүрген білім де жүрекке дөп түспейді, әлгі қайғы алпыс екі тамырын бойлап кетеді. Байқап қарасақ, ғылым мен білімнің қас жауы болған

бұл мінездер адамдықтың да, адамның саналы ғұмырының да жауы болып табылады. Ал, расында адамгершілік ілімімен екі дүниенің бақыты болған ақыл, ғылымның да егіз екені мәлім. Алланы тануға бастайтын бір-ақ сара жол бар, ол – нағыз адам өзгенің қайғысын қуаныш көрмесе керек, ол әсте адамға тән қасиет емес ғылым жолы. Өйткені ғылым – Алланың екінші аты. Ғылымға ынтықтық, Аллаға ынтықтық сияқты ерекше махаббатты – жан тазалығын, тән тазалығын қажет етеді.

Қырық үшінші қарасөзінде: «Ол көңілге түсіруші бағанағы бес нәрседен өткен соң, оларды жайғастырып көңілде суреттемек. Ол – жанның жибили қуаты дүр. Бұл қуаттың ішіндегі үш артық қуат жанның қуатын сақтап, адамның адамшылығын сақтайтын сауыт. «Подживный элемент» Білсек адамға көп білуге, көп оқу пайда бермейді екен. Естіген, көрген дүниенің алды қайдан шығатыны, арты қайда апарды деп, ой жүгіртіп, ақылға салумен, білгеніңді ақылмен өлшеуді адам өз өміріне азық етуі қажет. Ендігі бірі «Сила притягательная однородного» дейді. Бұл бір нәрсені естіп, білгеннен соң, соған ұқсасын іздеп, ортақ қасиеттері ме айырмасын білмекке құмарту. Ол адам сол іздегенін толық тексермей тыныштық таптырмайды. Үшіншісі «впечатлительность сердца» екен. Алдымен жүректі адам бойына тән асыл қасиеттерден ада етер, пайдакүнемдік, жеңілтектік, салғырттық, мақтаншақтық сынды мәселелерден аулақ болу. Абай атамыздың ұғымындағы жүрек айнасы, ішкі жан дүниенің тазалығы болып табылады.

Бұл қасиеттердің алғашқысы «Подживной элемент» пен екіншісі «Сила прилагательная однородного» бұл екеуін бірдей ұстаса «... күллі пайда да бұлардан шығады, уа күллі зарар да бұлардан шығады» [11, 216 б.], – дейді. Ең алдымен адам бойына жат адамшылықтан бездіретін қасиеттерден адам бойын тез жиып алмаққа керек. Әйтпегенде адам баласы бір құмарлыққа салынса, оны құмарлық, жеңілдік, мақтанқұмарлық, өсекшілікке бойлап кетсе, ол жолдан бойын жимақ қиын іс. Әуелгісі – әрбір жаманшылықтың жағасында тұрып, адамның адамдығын бұзатын жаманшылықтан бойын жимақ бұл адамға нұр болады. Әйтпегенде қор болып өткен бір өмір болады. Бұл екі қасиеттің бірі бар, бірі жоқ болған күнде де басынды қайда апарып соғары белгісіз бір асау ат секілді. Ол өзіне де бағынбай кеткені кеткен.

Жибили қуатты [12] ізгі жолмен қолға алып, кәсіби қуатты зорайтпақ үшін алдыменен талап керек екен. Абай өзінің қырық

төртінші қарасөзінде талаптың әртүрі болады деп келтіреді. Яғни адам баласы ішкі үні мен тілек қалауына сай бір іске ұмтылып ізденеді. Қырық үшінші қарасөзінде айтқандай жибили қуатты қайда бастаса соны берік ұстап кетеді. Егер осы дүниеде көздегені мал-мүлік болған адам арсыздықтан да тайынбайды. Арамдықпенен тапқан дүние, қылған талапты, талап дейміз бе? Абай мұны «Көңіл жиіркенерлік іс» деп бағалайды. Тек дүние, мал таппаққа жасаған талаптан адамшылықтың иісі де шықпайды. Адам іске талпынбақ үшін алдымен көкіректегі көзді тазалау керек, ғибадат жасау керек екені анық. Адам баласы қайраттанып, өзіне ақиқатты танытып, жығылса-дағы «өзіме осы керек» деп өзін жазалап, сөге алса, жүректің өзі де ізгі дүниеге бұрып тұрады емес пе? Әділетті ақылмен өз болмысын мойындатып, өзінің ісін жөнге салған жан ғана жүрек, қайрат, ақылды тең ұстаған толық адам танымындағы кісі болмақ.

Отыз екінші сөзінде осы пікірді қанаттандыра түседі. «Әуелі - білім-ғылым табылса, ондай-мұндай іске жаратар едім деп, дүниенің бір қызықты нәрсесіне керек болар еді деп іздемекке керек» [11, 183 б.]. Өзіннің көңіл қалауың басқа нәрседе тұрып, білім-ғылымды соған себеп етіп қана іздесең, ондай білімге адамның көңілі шын мейірленбейді. Яғни білімді де мейірленіп, жүрекке ұялатып, ақылға қондыру үшін таза ниет, таза көңіл қажет.

Абай: «... ғылымды үйренгенде, ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек. Бахасқа бола үйренбе, азырақ бахас көңіліңді пысықтандырмақ үшін залал да емес, көбірек бахас адамды түземек түгіл, бұзады» [11, 183 б.], – дейді. Шын мейіріммен іздемеген білім адамға рақат сездірмейді. «Ондай кісі, – дейді Абай: – адам бойына қорлық келтіретұғын өтіріктен де, өсектен де, ұрып-төбелесуден де қашық болмайды» [11, 184 б.]. Расында көңілі жеңбекті қалаған адам, ақиқатқа ұмтылмайды. Одағы жалғыз мақсаты жеңу болады.

Үшіншіден, ақиқат пен ақыл жеткен дүниені берік тұт, өлсең айырылма дейді. Ал, төртіншіден елеп, ескеретін нәрсе – білім-ғылымды көбейтудегі екі қару деп; бірінші өзгелермен де пікір алмасу, ал, екінші оны көңілге берік сақтау, ортаға салынып, шындығын ширатпаған ғылым-білім өзінің ақиқатымен ақыл таразысына түсе алмақ емес. Осы тұста отыз бірінші қарасөзінде айтылған көңіл кеселдерін атайды.

Ал соңғы алтыншы ескертпесінде осы ақылға салып, ақиқатты танып, көңілге мықты бекіткен ғылым-білімнің ақиқатын сақтайтын мінез деген сауытты атайды. Ол мінез көңіл кеселдерімен бұзылса,

оқып білгендіктен не пайда?! Ар үшін, ақиқат үшін алқынбаған қайраттан қайыр жоқ екенін ұғындырады. Қазақтың кейде бағы жанбай жүретіні де осы шығар. Қолымыздағы аз-мазды, біреудің «әй, осы елде сізден тәуірі жоқ» деген сөзге аспандап, осы да маған жетіп жатыр деп алданып, «дарқансың, өнерлісің» дегенге малданып, Құдай берген қолындағы өнерінен де тиянақ таппай, жалған тамырлардың арбауымен айға бір-ақ шығады. «Әке, жәке» деген сөзге масайып, соларды қайтсем де жеткізем, көңілін табам деп жүріп, өзі де, өзгеге борышты болып, ісі дауға айналып, соңында қолындағысынан да айрылып, мақтанға бой ұрып қолындағы аз-мазы да алдамшы мақтауға құрбан болатыны өкінішті. Қазақтың өркендеп, өсудегі басты жауы да осы – алдау-арбау мен иланғыштығы шығар, бәлкім. Абай өзінің отыз жетінші қарасөзінде «ісім өңсін десең ретін тап» дейтіні де осыған байланысты болса керек. Ретін тапқан адам, орынсыз шалқақтау мен мақтаннан ада, өз ісін жөнімен жасайды. Осы алдағыштық адамдықтың түп-тамырына балта шабушы кеселдердің бірі.

Абай танымындағы адамгершілік, бұл дүниелік істер мен адамдар арасындағы ізгілік жолы ғана емес, сонымен қатар, Аллаға және Оның сүйген істеріне деген сүйіспеншілік пен адамның жүрегіндегі адал сенім. Қайсы бір адам Алланың ғылымынан, бұйырғанынан, Құдай ізгі деп тапқан істерінен аулақ жүріп, адамгершілікті, арлы атана алған? Олай болса, Абайдың отыз бесінші қарасөзінде Махшарға барғанда Құдай Тағаланың адамдарды дүние үшін және ақірет үшін өмір сүргендер деп екіге жаруының өзінде әділет жатыр. Кімде-кім өзін алдап, жүрегі дүние деп, тілі ақірет деп тұрса, ол алдау емей не? Дүниені көздегеннің жүрегінде дүние, тіршілік, байлық, жеп-ішу, атақ тұрады, ол ақіретті дүниеден артық сүйдім дей алар ма? Адам өзін алдағанмен Алланы алдай алмақ емес. Міне осындай ақиқат, ал адам өзіне ақиқат танытпағы – әділет. Адамды жаратқан Құдіретті мойындамаған болмыс қалайша әділет таппақ? Алла сүйген асыл қасиеттердің өзі әділеттен бастау алмас па еді? «Абай шығармаларын тереңдеп таныған кісі ақындағы Құдайды сүю – адамдықты сүю екеніне еш талас тудырмайды» [6, 248 б.].

Алланы мойындаған Абай Мұхаммед с.ғ.с пайғамбарымыздың ізгі жолын ұстанып, өзінен ілгері ғалымдардың еңбектерімен де етене таныс болғаны мәлім. Отыз алтыншы қарасөзінде айтқан Хадис пен жақсылардың сөзі анау деп Пайғамбарымыздың с.ғ.с хадис шәрифтерін «мән лә хаяһүн уәлә имануи ләһу» деп, яғни кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы да жоқ» [11, 187 б.] – дейді. Бұл әділетті

сүйген Алланың әрбір құлының жүрегіне арсыздық бойлатпайтұғын асыл қасиет.

Абай ұят туралы толғаныстарын, әсіресе, 36–38-қарасөздерінде кеңінен тарқатып айтқан. Ұялу – адамгершіліктің әділетті таразысы, себебі ұяла білген адамнан ғана «толық адам» тұлғасын көруге болады. Осы орайда тағы да ұлы ойшылға жүгінейік: «Бір ұят бар – надандықтың ұяты, жас бала сөз айтудан ұялған секілді, жақсы адамның алдына жазықсыз-ақ әншейін барып жолығысудан ұялған секілді. ...ұялмас нәрседен ұялған мұндай ұят шын ұялу емес – ақымақтық, жамандық. Шын ұят сондай нәрсе, шарифатқа теріс, я ақылға теріс, я абиұрлы бойға теріс бір іс себепті болады» [11, 187 б.], – дейді. Біздің пайымдауымызша ұят бар жерде адамдық қалып сақталмақ. Әрбір адам ұяла білсе, яғни істеген ұятты қылығына соны неге істедім деп іштей қиналса, күйінсе, ол іске екінші рет бармауға өзіне-өзі серт байлап, ант етсе, ондай адам «толық адам» дәрежесіне көтерілуі сөзсіз.

Жалпы ар, намыс сезімі адам бойына қолдан жасап орнығатын нәрсе емес, туа бітетін тұма қасиет, өсе келе шыққан ұясына, өмір сүрген ортасына қарай дамып, қалыптасатын адам мінезінің ең жоғарғы көрінісі. Біз жоғарыда айтқандай, адамның сенімді серігі – ар-намыстың аса маңызды көрінісінің бірі – ұят. Ол адамзат мінез-құлқының ең биік шыңы, өйткені осы сезім, яғни ұят арқылы адамның адамшылық қасиеті танылады. Бүкіл мұсылман қауымның рухани таным бастауы болған Құран хадистерінің өзінде имандылыққа «Ұяты бардың иманы бар» деп анықтама берілуінің зор мән-мағынасы бар. Осы себепті қай кісі болса да өзіндік мінез-құлық сапасын ұятқа, ұяттың биік дәрежесіне қарап айқындайды. Өткендегі ойшылдар ұят ұғымын ғылыми тұрғыдан жүйелеп, күнделікті өмір шындығынан ой қорытып, қағаз бетіне түсіріп отырған. Осындай ғұлама ойшыл ғалымның бірі – Дауани ұят турасында айта келіп: «Ұят адамдарды теріс қылықтардан сақтайтын ең жоғарғы сенімді күш» [13, 64 б.] – десе, Құранда ұяты бар адамның өмірінің ақырына дейін жаман қылықтарға бармайтынын айта келіп, ұяттың адам баласы үшін маңызы зор қасиет екендігін тағы да қайталап пысықтай түседі.

Әр заманның өз сахнасы бар, алайда сол өмір сахнасының әртістеріне басты керегі адами болмыс. Ол ешқашан ескірмейтін құнды қазына. Бұдан бұрын да қаншама ғұлама ғалымдар осы тақырып төңірегінде зерттеу еңбектер, философиялық ой-толғамдарын жазу барысында, бастысы ақиқат ілім, бірлік, адам болмысының ақиқатпен

ұштасқанда ғана бақыт табатынын, адам бойына әуелден осы заңдылық Хақтан берілген қасиет екенін айтып өткен. Ақиқаттың өзі неден шығады? Адам баласы ойға салса, мына ғаламның бәрі адамның игілігі мен қалауына қызмет етіп тұрғанын байқар еді. Адамның тууы, бойына жан беріліп, екі көз, екі құлақ, екіден қол-аяқ, яғни адамның өмір сүруіне қажеттінің бәрін бойына дарытып, оған ата-анасынан мейірім төгіп, өзі де есін білмейтін шақта оны рухтандырып, күн мен түнді кезек алмастырып, табиғат һәм мақұлықты оған, яғни адамға бағындырып қоймағы шексіз ақылмен жаралған. Осындай асқан даналықпен жаралған ғаламның Иесі асқақ, мінсіз, шексіз мейірім иесі екенін сезінер болса – ақиқат міне осы! Алланы тану оған тек қана сену емес, оның кереметтерін бүкіл жаратылыс құбылыстарын оның заңдылықтарын, оларды жаратушы бір Алланың құдірет күші деп түсіну, мойындау.

Абайдың діні – ақиқат. Ілгері ғалымдар «бірлік» деп таныған ақиқатқа бойсұнбақ арқылы ғана адамзат бақытқа кенеле алмақ. Ол ақиқат – Алла! Абайдың реалдық тұрғыдан айқын танытпағы да осы. Игілікпен жаралған әлемге адам да игі істермен жауап қатпағы парыз екенін ғаламға терең үңілген жандар байқар еді. Абай адамзатты осы ақиқат алаңына шақырды. Абай сол кезеңдегі қоғам дертін дөп басты. Адам болмысын нағыз реалдық тұрғыда таныта отырып, өзі сусындаған үш бұлақтың тұнығына бойлап, ақиқатқа ілесе отырып, заман шындығын ширатты. Адам баласы бастысы нені білмегі ләзім? Өмірге келгендегі мақсаты мен мүддесі не? Адам қайтсе бақыт таба алмақ? Неге адамзат бес күндік жалғанның күйбеңінің азабымен әуре? Осы сұрақтар нағыз ақиқат ілімді таныған адам үшін күрделі дүние емес. Жаратқанды терең таныған адам мына жалғанның түрлі сынақтарына төтеп, түрлі сауалдарынан тосылмайды. Жаратқанның махаббатпен жаратқан игіліктеріне махаббатпен жауап беріп, бойындағы ақыл, қайрат, жүректі тең ұстаған жан ғана толық адам болмысына ие бола алады. Абай бүгінгі күнге дейін қаншама қаламның ұшына ой тұндырып, нешелеген еңбектердің тұтқасына айналса да, Абай зерделеген ой тарқатылып бітпейді, себебі әр заман осы ақиқатты танымаққа мұқтаж, ол әр заманда жаңаша сөйлейді. Адам болмысы, адамдық жайы ешқашан заманадан тыс қалмайды. Абай мәңгілік тақырыпты өз ақыл таразысына салып, ақиқатпен ұштастырды, сондықтанда ол әлемге тарап, адамзатты мойындатып келеді. Алланың ақиқаты ешқашан өлмейді, ақиқаттың жолында арпалысқан адам да тарихтың төріне тақ орнатады.

Хақім Абай – қазақ топырағынан шыққан әлемдік деңгейдегі ұлы кемеңгер. Абайдың ақындық қуатының терең тамырына үңілген зерттеушілеріміздің еңбектеріне сүйене отырып, Абайдың барша адамзат баласының жан дүниесінің тазалығын сақтаудағы ұстанымдары хақында ой толғадық.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру //«Егемен Қазақстан» республикалық газеті. 2017 жылғы 12 сәуір. https://www.inform.kz/kz/elbasy-makalasy-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru_a3016293.
2. Әуезов М. Абай Құнанбаев: Монографиялық зерттеулер мен мақалалар. –Алматы: Санат, 1995. –320 б.
3. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 272 б.
4. Мырзахметұлы М. Абай және шығыс. – Алматы: Қазақстан, 1994. –208 б.
5. Жұртбай Т. Күйесің, жүрек... сүйесің. –Алматы: Қайнар, 2009. –464 б.
6. Әліпхан М. Қазақ әдебиетіндегі адамгершілік ілімі. –Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ: «Ұлағат» баспасы, 2013. –434 б.
7. Плотин. Эннеады К; «Уцими-прец» 1995-1996, К; PSYLIB, 2003. –310 б.
8. Аристотель. Никомахова этика. Перевод (с) Нина Бругинская (satis @glasnet.ru) Философы Греции. Москва, 1997. –191 б.
9. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. –Алматы: Ғылым, 1973. –489 б.
10. Тоқаев Қ. «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» //«Egemen Qazaqstan» 2020 жылғы 9 қаңтар. https://www.inform.kz/kz/kasym-zhomart-tokaevtyn-abay-zhane-hhi-gasyrdagy-kazakstan-atty-makalasy_a3601880.
11. Абай (Ибрахим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. –Алматы: Жазушы. Т. 2: Өлеңдер мен аудармалар. Поэмалар. Қара сөздер. 1995 – 336 бет.
12. Мырзахметұлы М. Абай лұғаты. –Алматы, Қазақ әдебиетіндегі адамгершілік ілімі. –Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ: «Ұлағат» баспасы 2015. –106 б.
13. Дауани. Ахлақ-э. Жалали. –Бомбей: Музаффари. 1873, –157 б.

References

1. Nazarbaev N. Bolashaqqa baǵdar: ruhani jańǵyry //«Egemen Qazaqstan» respublikalyq gazetі 2017 jylǵy 12 sáyr. https://www.inform.kz/kz/elbasy-makalasy-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru_a3016293.
2. Áyezov M. Abai Qunanbaev: Monografıalyq zeppteuler men maqalalar. –Almaty: Sanat. 1995. –320 b.
3. Ahmetov Z. Abaidyń aqyndyq álemi . – Almaty, Ana tili, 1995. – 272 b.
4. Myrzahmetuly M. Abai jáne shyǵys- Almaty, Qazaqstan,1994. – 208 b.
5. Juptbai T. Kúiesiń, júrek... cúiesiń. –Almaty: Qainar, 2009. – 464 b.
6. Áliphan M. Qazaq ádebietindegi adamgershilik ilimi. –Almaty: Abai atyndaǵy QazUPÝ: «Ulaǵat» baspasy, 2013. – 423 b.
7. Plotin. Enneady K; «Ytsimi-prets» 1995–1996, K; PSYLIB, 2003. –310 b.
8. Arictotel. Nikomahova etika. Pervod (с) Nina Broginskaja (satis @glasnet.ru) Filosofy Gretsu. Mockva, 1997. –191 b.

9. Ál-Farabı. Fılosofıyalıq traktattar. –Almaty: Gylym, 1973. – 489 b.
10. Тоқаев Q. «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» //«Егемен Қазақстан» 2020 жылғы 9 қаңтар. https://www.inform.kz/kz/kasym-zhomart-tokaevtyin-abay-zhane-XXI-gasyrdagy-kazakistan-atty-makalasy_a3601880.
11. Абай (Ібпайым) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. –Almaty: Jazyshy. Т. 2: Óлеңдер мен аядапмалар. Поемалар. Қара сөздер. -1995 – 336 бет.
12. Мырзахметұлы М. Абай лұғаты. –Almaty: Абай атындағы ҚазҰПУ: «Улағат» баспасы, 2015. –106 б.
13. Дауаны. Аһлақ-е. Жалалы. –Бомбей: Мұзaffары. 1873, – 157 б.

Özet

Makalede, Kazak halkının büyük şairi Abay'ın insan kategorisi ve varlığı hakkındaki nesirlerin sırrı ele alınacaktır. Abay'ın nesirleri ile şiirlerindeki ana görüş; Allah'ın hak yolu, gerçek ömür, insanlıktır. Büyük şairin eserlerinde geniş bir şekilde yer bulan “tolık adam” hakkındaki bilgece düşünceleri tekrar akıl süzgecinden geçirilmeye gayret edilmiştir. Bu konuda, Abay'ın beslendiği üç kaynağın yeri önemlidir. Abay'ın kendisinden önce yaşamış olan bilim adamlarının eserlerinden beslendiğini şair kütüphanesinden anlamak mümkündür. Makalede, Abay'ın beslendiği kaynaklar arasında yer alan Farabi, Fuzuli, Şems, Davani ve onlardan daha da önce yaşamış olan Platon'un öğrencisi Plotin, Aristoteles'in eserlerindeki insan varlığı hakkındaki düşüncelerinin Abay'ın düşünceleriyle karşılaştırılmasına özel bir önem verilmiştir. Abay'ın “tolık adam” düşüncesinin Farabi'nin “kamil insan” teorisi ile ilişkisine ve “jürek külti” ilminin Abay düşüncesindeki yerine özel bir dikkat gösterilmiştir. Abay'ın ahlak felsefesi ve beşeriyet ilmi araştırmacıların görüşlerine dayanarak ortaya koyulmaya çalışılmış ve Abay düşüncesindeki gerçek ilim hakkında söz söylenmiştir. Abay'daki “tolık adam” fikrinin manası ve önemi makalede esas alınmıştır.

Анаhtar келіmeler: Abay, nesir, Allah, iman, tolık insan, beşeriyet
(Т.І. Кошенова, Ж.Р. Есенқараева. Беşеріyet Ілімінің Абай'ın Есерлеріндекі Гөрүнüşі)

Аннотация

В статье изучается проблема категории человека и человеческого бытия в творчестве великого казахского поэта и мыслителя Абая. Автор стремится проанализировать широчайшие размышления о полноценной личности человека в словах назидания Абая. Особое внимание уделено определению взаимосвязи философских мыслей Плотина, Аристотеля, Аль-Фараби о человеческом бытии с мировоззрением Абая. Актуальность темы статьи обусловлена также изучением категории «полноценной личности» в трудах Абая с теорией Аль-Фараби о «зрелом человеке», где внимание акцентируется на учении Абая о «культе сердца». Опираясь на исследования ученых о философии морали и гуманизма Абая, автор раскрывает тему истинности учения Абая. В статье рассматривается всестороннее изучение концепции «полноценной личности» в трудах великого поэта Абая.

Ключевые слова: Абай, слова назидания, Аллах, Вера, полноценный человек, нравственность.

(Т.И.Кошенова, Ж.Р.Есенқараева. Отражение нравственного учения в произведениях Абая)